

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНДЕГІ БАСПАНА БЕЙНЕСІНІҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ СИМВОЛИКАЛЫҚ КОДТАРЫ

Мәлдір Келсінбек¹, Диляра Шарипова²

^{1,2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үй бейнесінің (әсіресе киіз үйдің) эволюциясын және оның XX-XXI ғасырлардағы мағыналық өзгерістерін талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау және өнер арқылы мәдени алмасуға үлес қосу мәселесінде жатыр. Мақалада үйдің ұлттық көркемдік код ретіндегі ерекшелігі тарихи кезеңдерді салыстыру, оның киелі-символдық мағынасын ашу және заманауи көркемдік интерпретацияларды талдау арқылы зерделенеді. Зерттеу құрылымдық-семиотикалық тәсілге, сондай-ақ тарихи-мәдени және көркемдік-композициялық талдауларға сүйенеді, бұл туындылардың көп қабатты семантикасын ашуға мүмкіндік береді. *Нәтижесінде* суретшілер шығармаларындағы үй бейнесінің көркемдік жүйедегі орны тарихи тұрақтылыққа ие болғанымен, әр дәуірдің мәдени контекстіне икемделіп, өзгеріп отыратыны анық болады. Нұрбек Жардемов, Алия Кабикожаяева, Рафаэль Слекенов, Зарина Чукетаева сияқты суретшілердің көркем туындыларын зерделеу арқылы киіз үйдің қазіргі өнерде тек этнографиялық нысан емес, ұлттық сәйкестік символы, рухани кеңістіктің метафорасы және «ұлттық стильді» жаңғырту құралы ретінде қызмет ететіні дәлелденді. Осылайша, мақалада киіз үй «тірі», «дамушы» және «жаңа мағыналармен толықтырылған көркем феномен» ретінде қарастырылады. Қорытындылай келе, мақалада адамдардың жеке кеңістігін және тұрмыстық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін киіз үй дәстүрлі баспана ғана емес, тарихи дму барысында мәні жаңғырып, мазмұны толыққан көркемдік-мәдени феномен ретінде қарастырылады; оның дәстүрлі қоғамдағы құндылықтар жүйесіндегі орны мен қазіргі заманғы мәдени дискурстағы символдық маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: ұлттық кескіндеме өнері, мәдени код, киіз үй, ұлттық бірегейлік, көркем бейне, семиотика, архетип, қазіргі заманғы өнер, шаңырақ.

Дәйексөз үшін: Келсінбек, Молдир және Дилира Шарипова «Кескіндеме өнеріндегі баспана бейнесінің мәдени және символикалық кодтары». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 196–216. DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1120

Алғыс білдіру: Мақала AP26101419 «Қазақстанның XX ғасырдағы сәулет өнері, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнеріндегі модернизм феномені және оның қазіргі визуалды мәдениеттегі реинтерпретациясы» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Заманауи қазақстандық өнерде ұлттық мәдени бірегейлікке, оның терең тарихи алғышарттарына және ұлттық кодына тұрақты қызығушылық байқалады. Ұлттық мәдениеттің дамуына кедергі келтірген отаршылдық саясат қазақ халқының мәдени дамуын бірнеше ғасырға артта қалдырды. Тек XX ғасырдың соңында алып мемлекеттің дағдарысқа ұшырап ыдырауы нәтижесінде отарлық жүйе әлсіреп, қазақ халқы өз тарихи жолын, тілін, мәдениетін және ұлттық санасын қалпына келтіруге, жаңғыртуға мүмкіндік алды. Сол ұлттық мәдениеттің тірегі саналатын қазақтың дәстүрлі киіз үйі — қазақ халқының ұлттық рухы мен даналығының белгісі, ғасырлар бойы сақталған тірі мәдениет ескерткіші.

Киіз үй көшпелі өмір салтына жақсы бейімделіп жасалған, оның жеңіл, тез жиналатын, тасымалдауға ыңғайлы құрылымы, сонымен бірге терең ғарыштық және философиялық мәні бар. Оның дөңгелек пішіні әлемнің тұтастығын бейнелейді, шаңырақ — аспанмен байланыстың, отбасылық ошақтың символы болып табылады. XXI ғасырда әлемдік жаһанданудың кең етек жаюына байланысты өнер шеберлерінің ұлттық кодтың негізін құрайтын элементтерге жиі жүгінуі жаңа семантикалық мәнге ие болып отыр.

Мақаланың ғылыми мәселесі кеңестік кезеңнен бастап осы дәуірге дейін қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үйдің, ошақтың ұлттық кодын бейнелеудің эволюциясын, оның идеологиялық қысым мен әлеуметтік-мәдени өзгерістер контекстіндегі түрлену тарихын және бүгінгі күндегі интерпретациясын талдау болып табылады. Киіз үйдің этнографиялық және өнертанушылық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде зерделенуіне қарамастан, оның заманауи Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі көрнекі мәдени код ретіндегі маңызы және функциялары толық ашылмаған. Баспананы бейнелеудің семантикасы мен бейнелеу тәсілдері тарихи контекст пен заманауи көркемдік ізденістер арасындағы өзара әрекеттесудің күрделі жүйесін құрайды. Осы ұлттық код арқылы шеберлер тек тарихи мұраны бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге өзекті әлеуметтік-мәдени өзгерістерді, сәйкестік ізденістерін және жаһандану дәуіріндегі ұлттық болмыстың тағылымдарын терең философиялық және поэтикалық деңгейде шолып өтеді.

Тақырыптың өзектілігі халықтың ұлттық кодын анықтау, оны жаңғырту және қазіргі заманғы мәдени контексте түсіндіру қажеттілігінде жатыр, өйткені бұл қоғамның өткені, бүгіні және болашағы арасындағы байланысты нығайтуға, сондай-ақ, ұлттық сәйкестікті сақтау мен дамытуға мүмкіндік береді.

Әртүрлі тарихи кезеңдердегі суретшілер туындыларындағы баспана образының түрленуі мен интерпретациясын салыстырмалы талдау арқылы бейнелеу өнерінің негізгі мәдени құндылықтарды сақтаудағы, танудағы және дамытудағы белсенді рөлі ашылады.

Киіз үйдің және баспананың өзге түрлерінің өнердегі бейнеленуі қазақ халқының күнделікті тұрмысының көрінісі ғана емес, бұл жаһандану үдерісіне қарсы тұрудың символы, ұлттық мәдениеттің бірегейлігі мен құндылығының күшін және тұрақтылығын дәлелдейтін күрделі мәдени-философиялық мазмұнға ие наным мен сенімнің визуалды көрінісі болып табылады. Киіз үй, ошақ тақырыбы бірқатар ұлы кескіндемешілердің шығармашылығының негізгі желісіне айналды. Әбілхан Қастеев, Салихитдин Айтбаев және кейінгі толқын суретшілері Нұрбек Жардемов, Алия Қабиқожаева, Рафаэль Слекеновтің картиналары қазақтың табиғаты мен тарихына, халықтың тұрмыс-салты мен дәстүрлеріне терең назар аударып, ұлттық кескіндеме өнерінің дамуына үлкен үлес қосты.

Ұлттық көркемөнер мектебінің даму бағытын зерделеу арқылы, оның бастауындағы реалистік-этнографиялық картиналардан Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық романтизм мен символизмге, ал қазіргі заманда түрлі авангардтық ізденістер мен концептуалды идеяларға дейінгі эволюциясын байқауға болады. Мақаланың мақсаты — XX-XXI ғасырлардағы қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үйдің баспана ретіндегі ұлттық кодының ерекшелігін, эволюциясын және семантикалық өзгерістерін анықтау және талдау. Осы мақсатқа жету үшін ең алдымен дәстүрлі қазақ үйінің киелі символдық және мәдени-тарихи маңызын айқындау, кескіндеме өнеріндегі үй бейнесінің эволюциясын, оның әртүрлі тарихи кезеңдердегі ұлттық сана мен идеяны білдіру тәсілін анықтау, заманауи суретшілердің

туындыларын талдау арқылы үйдің кодын ашып, оның рухани тұғыры ретіндегі мәні мен қазіргі заманғы көркемдік ізденістердегі интерпретациясын түсіндіру, Қазақстанның көркемөнерінің дамуындағы үй кодының дәстүрмен диалог құралы ретіндегі қызметін және оның ұлттық сәйкестікті қалыптастырудағы, сондай-ақ, жаһандық мәдениет кеңістігіндегі өзіндік орнын түсіну маңызды.

Бұл мақалада үйдің бейнесі тек қана сәулеттік нысан ретінде емес, ұлттық сана мен рухани кодтың көркемдік пластикадағы көрінісі ретінде талданады және әр тарихи кезеңдегі мағыналық толықтырылуы мен қазіргі көркем ізденістердегі түрленуі қарастырылады. Зерттеу семиотикалық және мәдениеттанулық тәсілдерді қолданып, заманауи кескіндеме туындыларының көркемдік-композициялық ерекшеліктерін талдайды, онда киіз үй мен үй ұғымы жаңа, күтпеген мағыналық контекстте ұсынылған.

Нұрбек Жардемов, Алия Қабиқожаева, Рафаэль Слекенов сияқты суретшілердің шығармашылығында үй кодының эволюциясы мен жаңа мағыналық өлшемдері айқын көрінеді: ол дәстүрлі тұрғын үйден ұлттық және жеке сәйкестіктің тарихи жадын сақтайтын рухани метафораға айналады. Енді «үйдің коды» ұлттық символдан философиялық тұжырымға түрленіп, жаһандану жағдайында мәдени ерекшелікті сақтау, жеке тұлғаның кеңістіктегі орны мен өткенді қазіргі заманмен байланыстыру сияқты мәселелерді көтереді. Суретшілердің туындыларында үй — нақты зат емес, ол тарихпен, ата-бабалармен байланыс орны. Ол өз кезегінде отбасының өткені болашақтың тірегіне айналады.

Әдістер

Қазақстанның кескіндеме өнерінде үйдің мәдени кодын анықтауға және талдауға

бағытталған зерттеу жүргізу үшін тарих, этнография, антропология, семиотика ғылымдарының әдістерін кешенді пайдалану, сондай-ақ бейнелеу өнерінің өзіне тән көркемдік-композициялық талдау әдістерін (композиция, колорит, символиканы талдау) қолдану қажет. Бұл пәнаралық тәсіл арқылы үйдің тек сәулеттік-заттық нысан ғана емес, ерте көшпелілер заманынан кеңістік пен мәдени сәйкестіліктің, отбасылық құндылықтардың, қазақтардың дүниетанымының көркемдік метафорасы ретінде қалай қызмет ететінін түсінуге жол ашады.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін автор тарихи-мәдени талдау әдiсiн қолданып, киіз үйдің құрылымдық бөліктерінің (шаңырақ, уық, кереге) қасиетті-символдық мағынасын этнографиялық, фольклорлық және мәдениеттанулық еңбектерге сүйене отырып анықтайды (Бахытжан Азибаева) және олардың кескіндеме туындыларында қалай пластикалық-бейнелеу тілінің элементтеріне айналып, әмбебап философиялық ұғымдарды (әлем біртұтастығы, адам мен табиғат гармониясы, ұрпақтар байланысы) білдіретіндігін көрсетеді. Қазақ халқы тарихының әртүрлі кезеңдерін (көшпелілік кезең, кеңес дәуірі, жылымық, қазіргі заман) және олардың тақырыптың көркемдік көрінісіне әсерін анықтау үшін автор кескіндеме туындыларын салыстырмалы-тарихи талдау әдісімен зерттейді.

Өнер туындыларын көркемдік-композициялық талдау мақалада мысал ретінде келтірілген туындыларды тиянақты сипаттауға (композиция, түс, реңк, бейнелеу техникасы) негізделген және бұл сипаттамалар тақырыптың идеялық-бейнелік мазмұнын қалай ашатынын көрсетеді. Жалпы тенденциялар мен жеке авторлық стильді анықтау мақсатында Нұрбек Жардемовтың «Сәске», Алия Кабикожаяның «Ауылда», Зарина

Чукетаеваның «Ауылда» сияқты түрлі кезеңге жататын туындыларына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Бұл талдау киіз үй бейнесінің эволюциясы мен оның өңделген тәсілдеріндегі негізгі заңдылықтарды, сондай-ақ әр суретшінің жеке көркемдік ізденістерін анықтауға бағытталған.

Көркем бейнелердегі символдық мағыналарды түсіндіру үшін автор семиотика мен ішкі талдау әдістерін пайдаланады, бір жағынан, суреттегі көрнекі элементтердің (түс, пішін, желі, композициялық таңбалар) жасырын мағынасын, екінші жағынан, олардың мәдени контекстпен (мифология, фольклор, дәстүрлі сенімдер) байланысын ашады.

Жоғарыда сипатталған әдіснамалық тәсілдер қолданылатын зерттеу материалдары екі топқа бөлінеді:

Дереккөздер мен теориялық база: киіз үйдің мәдени-тарихи және семиотикалық талдамын құрайтын этнографиялық, фольклорлық, мәдениеттанулық және өнертанулық еңбектер (мысалы, Бахытжан Азибаева, Марат Мұқанов және т.б. авторлардың жұмыстары).

Көркемдік материалдар: талдаудың басты объектісі болып табылатын қазақстандық кескіндеме туындылары. Бұл топқа тарихи кезеңдер бойынша таңдалған, киіз үй бейнесі не оның семантикалық элементтері басты орын алатын картиналар жатады. Зерттеуде, мысалы, Әбілхан Қастеев, Салихитдин Айтбаев сияқты классиктердің және Нұрбек Жардемов, Алия Кабикожая, Зарина Чукетаева сияқты заманауи шеберлердің еңбектері талданды. Туындыларды таңдауда олардың тақырыптық маңыздылығы, көркемдік құндылығы және тарихи кезеңдердің әртүрлілігін бейнелеуі ескерілді.

Үйдің бейнесі тек ошақ ретінде емес, қуатты символ ретінде қарастырылады. Оның мағынасы жай киіз үйден бастап терең философиялық ұғымдарға дейін дамиды. Мысалы, үй — әлемнің кіші

үлгісі. Оның дөңгелек пішіні, шаңырағы, керегелері бүкіл әлемнің құрылымы мен табиғатпен үйлесімділігін білдіреді. Сонымен бірге, үй — ұжымдық жадының архетипі. Ол халықтың ұрпақтар арқылы сақталатын тарихы, дәстүрлері мен рухани тәжірибесінің символы болып табылады. Үшіншіден, үй — ұлттық сәйкестіктің коды. Тәуелсіздік кезеңінде киіз үй ұлттық бірегейлік, тұрақтылық пен рухани қайта жаңғырудың негізгі таңбасына айналды. Осылайша, кескіндемедегі үй бейнесі қарапайым сюжеттік элемент емес, қазақ мәдениеті мен дүниетанымының күрделі метафорасы болып табылады.

Талқылау

Қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үйдің мәдени кодын түсіну үшін пәнаралық тәсілдің қажеттілігі айқын көрінеді. Этнология, семиотика және өнертану тұрғысынан біріктірілген көзқарас, киіз үй образының тек қана сюжеттік элемент емес, сонымен бірге терең семантикалық-символдық жүйенің тасымалдаушысы ретінде қалай қызмет ететінін аша түседі.

Фольклортанушы Бахытжан Азибаева атап өткендей, «Біз қазақ киіз үйінің ішкі бөліктерінің үш сындарлы элементін — шаңырақ, ошақ пен табалдырықты қарастырдық. Олардың қасиеттілігі, жоғарыда көрсетілгендей, құрылымдық жағынан күрделі, терең мағыналар мен мәнге ие болған ата-бабалардың архаикалық көріністерімен анықталады. Шаңырақ әлемдік тіректің символдық бейнесін алмастырады, Жоғарғы әлеммен, жоғарғы күшпен, Құдаймен байланыстың тік арнасы ретінде әрекет етеді; ошақ, от — үйдің киелі орны, күн құдайы Ұмай бейнесімен бейнеленген киіз үйдің ішкі кеңістігінің орталығы; табалдырық — әлемдер арасындағы шекара, басқа әлемдерге көшудің символы» (Азибаева 22). Бұл іргелі идея біздің зерттеуіміздің бастапқы нүктесі болды.

Бахытжан Азибаева және басқа этнографтар киіз үйді ең алдымен антропологиялық және мифопоэтикалық құбылыс, материалдық және рухани мәдениеттің тақырыбы ретінде қарастырса, онда автордың мақаласы кескіндемедегі осы құбылыстың көрнекі бейнесіне назар аударады. Автор киіз үйдің өзін объект ретінде емес, оның көркемдік бейнесін, оның белгілі бір тарихи дәуірдегі белгілі бір өнер түріндегі өзгерістері мен функцияларын зерттейді. Осылайша, мәдениеттанушылардың теориялық тұжырымдарын қазіргі заманғы бейнелеу өнері тәжірибесінде қолданады. Бұл архаикалық кодтардың XX-XXI ғасырлардағы визуалды тілде қалай жаңартылып, қайта түсіндірілетінін көруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттануда Шерхан Мұртаза («Ай мен Айша» романы) мен Заря Жұманованың («Шаңырақтың киесі», «Ақ босаға» атты әңгімелелері) прозасын талдау мысалында көрсетілгендей, «шаңырақ» және «босаға» ұғымдары отбасылық-рулық және ұлттық құндылықтарды көркем бейнелеу құралы ретінде пайдаланылады (Келсінбек 482). Бұл жалпы қазақ мәдениеті үшін осы кодтардың әмбебаптығын растайды. Автордың зерттеу жұмысы бұл ойды бейнелеу өнерінде дәл сол кодтардың кескіндемеге тән, экспрессивтілік құралдарына ие болатындығын көрсете отырып дамытады. Егер әдебиетте ұрпақтар байланысы сюжет пен метафора арқылы берілсе, онда кескіндемеде оны композицияда (кейіпкерлерді біріктіретін үйдің орталық позициясы), түсте (отбасылық ошақтың символы ретінде «жылы» реңктер), жарық пен көлеңке үйлесімі (ошақтың оты суреттегі жарық пен мағына көзі ретінде) арқылы беріледі. Бұл көрнекі құралдар тек сюжетті көрсетіп қоймай, сонымен бірге отбасылық байланыстың терең сезімін, оның мәңгілік және киелі сипатын жеткізеді.

Жоғарыда тұжырымдарға сүйене отырып, әдебиетте де киіз үй өзекті

тақырып бола беретінін түсіне отырып, бейнелеу өнерінде де көрініс тауып жатқанын алға тартамыз.

Өнертанушылардың үй бейнесіне арналған талдау жұмыстары қазақстандық кескіндеме классиктерінің (Әбілхан Қастеев, Салихитдин Айтбаев және т. б.) шығармашылығына бағытталған. Мұнда киіз үй көбінесе ұлт тұрмысының немесе тарихи жанрдың ажырамас бөлігі ретінде көрінеді. Автор үй бейнесін статикалық этнографиялық элемент ретінде емес, контекстке байланысты мағыналарын өзгертетін динамикалық тұжырымдама ретінде қарастырады. «Қазақ киіз үйінің дәстүрлі интерьері — қолайлы тұрғын үйдің осы түрін дамытудың күрделі тарихи жолындағы ұжымдық тәжірибенің нәтижесі. Киіз үйдің құрылысы жергілікті климаттық жағдайларға және көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтардың өмір салтына сәйкес келеді. Қазіргі киіз үйдің интерьерінде дәстүрлі ерекшеліктер сақталады. Ішкі, сыртқы безендіруде, сәндік өнерде және тұрмыстық заттардың пластикалық формаларын тандауда отбасының өмір сүруіне барынша қолайлы ұмтылыс байқалады» (Муканов 44).

Зерттеу бойынша алынған негізгі қорытындыларды төмендегідей талқылауға болады:

1. Мәдени кодтың үнемділігі мен бейімделуі: Бахытжан Азибаева, Шерхан Мұртаза, Заря Жұманова және т.б. өнертанушылардың еңбектерінен көрініп тұрғандай, «шаңырақ», «ошақ», «табалдырық/босаға» сияқты архетиптік элементтер ұрпақтан-ұрпаққа өте отырып, қазақ мәдениетінің тұрақты кодтарына айналған. Зерттеу көрсеткендей, олар әр тарихи дәуірдің қоғамдық-саяси талаптарына сай өзгеріп, жаңғырып отырады: кеңестік идеология тұсында мағынасы ауыстырылып, «жылымық» кезеңінде аңсау объектісіне, ал Тәуелсіздік жылдары ұлттық сәйкестік пен егемендіктің негізгі символына

айналды. Бұл мәдени кодтардың өміршендігі мен қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне икемделу қабілетін дәлелдейді.

2. Әр түрлі өнер формаларындағы кодтарды қолдану айырмашылығы: Әдебиет пен кескіндеме бір мәдени кодтар жинағына сүйенсе де, оларды көрермен мен оқырманға жеткізу құралдары мүлдем өзгеше. Эпикалық прозада шаңырақ немесе босаға метафора мен сюжет арқылы ұрпақтар байланысын көрсетсе, кескіндемеде бұл тұжырым композиция (мысалы, орталықтандырылған үй), түс (ошақты бейнелейтін жылы реңктер), жарық пен көлеңкенің ойыны (оттың нұры) сияқты таза визуалды, эмоционалды-экспрессивті құралдар арқылы жеткізіледі. Бұл көрнекі өнердің абстрактілі символдар мен тікелей эмоциялар арқылы тарихи жад пен ұлттық сананы тікелей қозғай алатындығын көрсетеді.

3. Авторлық ниет пен мәдени код арасындағы қатынас туралы мәселе: Зерттеу барысында туындайтын маңызды сұрақ — заманауи суретшілердің киіз үй образын космологиялық немесе мифологиялық барлық семантикасын саналы түрде пайдалану дәрежесі. Шынында да, әрбір суретші осы символдардың барлық қабаттарын біледі және әдейі қолданады деп болжау қиын. Алайда, біздің талдауымыз бұл архетиптер мәдениеттің терең қабатында орнығып, тіпті автордың тікелей ниеті мен рефлексиясынан тыс жағдайда да жұмыс істейтінін көрсетеді. Үйді қауіпсіз баспана, рухани орталық ретінде қабылдау — бұл ұлттық бейнелеу өнерінің санасына сіңген категория. Демек, суретші, туындысында үйді бейнелеген кезде, оны тек бейне ретінде емес, оның астарындағы мәдени жад пен ұжымдық сезім бар күрделі тұжырымдама ретінде сезінуі мүмкін.

4. Зерттеудің шектеулері және болашақ зерттеулерге үлес: Бұл жұмыс

негізінен қазақстандық кескіндеменің классикалық және заманауи үлгілеріне бағытталған. Алайда, мәдени кодтардың қызметі басқа өнер түрлерінде (мысалы, мүсін, инсталляция, бейнеарт, сәндік-қолданбалы өнер) қалай жүзеге асатыны жеке зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар, киіз үй образының ортаазиялық немесе түркі әлемінің кеңірек мәдени контекстіндегі салыстырмалы талдауы оның ерекшеліктерін тереңірек түсінуге ықпал етер еді. Тәуелсіздік кезеңіндегі өнердегі киіз үйдің нақты мемлекеттік рәміз ретінде қолданылуы және бұл процестің шығармашылық ізденістерге әсері де одан әрі талдауды қажет етеді.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу қазақстандық кескіндемедегі «үй» архетипінің тек визуалды бейне емес, сонымен бірге тарихи жадты, ұлттық сананы және мәдени сәйкестікті қалыптастыратын динамикалық семиотикалық жүйе екенін дәлелдеді. Пәнаралық тәсіл арқылы киіз үй бейнесінің эволюциясын жан-жақты қарастыру оның қазақ халқының рухани өміріндегі орнын түсінуге, сондай-ақ, өнердің мәдени кодтарды сақтау және трансформациялаудағы рөлін ашуға мүмкіндік береді.

Суретшілердің өз туындыларында өнертанушылар, мәдениеттанушылар сипаттаған киіз үйдің күрделі семиотикасын саналы түрде қолдану дәрежесі туралы мәселе пікірталас тудыруы мүмкін. Әрине әрбір заманауи автор өз жұмысында киіз үйдің бейнесін қолдау арқылы оған космологиялық символизмнің барлық мән-мағынасын мақсатты түрде қолданады деп айта алмаймыз. Алайда, біздің зерттеуіміз көрсеткендей, тікелей рефлексия болмаса да, үйді бейбітшілік орталығы, қорғаныш мекені және ұрпақ байланысы ретінде қабылдаудың негізгі категориялары кескіндеме өнерінің ұлттық дәстүріне еніп, авторлардың ішкі сезімі арқылы туындыларына сіңеді. Бұл мәдени код туындыны тудырушы тұлғаның тікелей

ниетінен тәуелсіз деңгейде жұмыс істей бастайды.

Ғылыми жұмыс этномәдени зерттеулер саласындағы берік теориялық базаға сүйене отырып, оны өзекті көркемдік процеске қатысты дамытады. Автор киіз үй туралы тезисті «іргелі рухани код» (Б. Азибаева) ретінде нақтылап, визуализациялады. Бұл кодтың көркем шығармада қалай жүзеге асатынын, оның тарихи түрде қалай өзгергенін және қазіргі заманғы қазақстандық өнер контекстінде қандай жаңа мағынаға ие болатынын көрсетіп, ол «үй кодының» саналы қолданылуын іске асырудың тиімді көркемдік стратегияларын ұсынады.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үй образының эволюциясы мен оның мәдени-семантикалық жүктемесін айқын көрсетеді. Көркем туындыларды талдау барысында үй бейнесінің дәстүрлі тұрмыстық объект ретінде; ұлттық мәдениет пен халықтық дәстүрдің элементі ретінде; отбасылық құндылықтар мен рухани тұтастықтың символы ретінде; сондай-ақ жаһандану жағдайындағы мәдени сәйкестікті сақтау құндылығы бар образ ретінде қалыптасып, үлкен мәдени мағынаға ие болғаны анықталды.

Қазақстандағы тұрғын үй образы, оның ішінде киіз үйден бастап баспанаға дейінгі сәулет өнері, көптеген суретшілер мен жазушылар шығармашылығының басты тақырыбына айналды. Бұл образ тек қана тұрғын үй ретінде емес, сонымен бірге, халықтың рухани дүниесінің, тарихи жадының және мәдени кодының көрінісі ретінде шеберлердің қаламына ілініп отырды.

Ең алдымен, қазақ халқының өміріндегі киіз үй туралы түсінікке тоқталып өтсек. Киіз үй — бұл даланың шексіздігіне сәйкес келген көшпелі

өркениеттің тамаша үлгісі. Оның қарапайым, бірақ жоғары талғамды құрылымы, ашық жобаланған кеңістігі және табиғатпен үйлесімділігі оны сәулет өнерінің жауһарына айналдырады. Алайда, қазақ тұрмысындағы үй мәні тек киіз үймен шектелмейді.

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылдыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өңдеу ісімен де айналысты» (Қазақ фольклоры, 96).

Бұл деректерден көрініп тұрғандай, қазақ үй ішінің мәдени кеңістігі ағаш ою-өрнектерімен, қолданбалы өнердің үлгілерімен байып, толысып тұрған. «Үй» шеберлері кереге, уық, шаңырақ сияқты киіз үйдің негізгі құрылымдарын дайындаумен бірге, сандық, ағаш, сықырлауық, астау, шелек, бесік сияқты ондаған қажетті бұйымдарды жасады. «Ерші» аталатын шеберлер арқан мен жіптерді, бау-белбеулерді, құрақ-киіздерді дайындаумен маңызды міндет атқарса, «арбашылар» көші-қон кезінде ауыр жүктерді тасуға арналған арба-шана түрлерін жасаумен айналысып, көшпелі өмірдің қозғалысы мен материалдық мәдениетінің дамуына үлес қосты. «Сөйтіп, қазақтағы үйшілер өнері сонау көне замандардағы көшпелілік өмір салтына байланысты қалыптасып, ғасырлар бойы даму, жаксару процесінің нәтижесінде шынайы халықтық өнер дәрежесіне жеткен» (Қазақ фольклоры 19).

Ал, «ұста» деген атақ тек темірді ғана емес, сонымен қатар, ағаш пен сүйекті өңдеудің жан-жақты шеберіне берілетін. Олар киіз үйдің сән-салтанатын айқындайтын аяқпаптарды (аяқ-аба), сандықтардың бедерлі әшекейлерін, қапсырмаларды, әшекейлі бұйымдарды, тіпті әдемі оюлы асатаяқтарды да жасады. Осылайша, қазақ үй — бұл әр түрлі шеберлік салаларының үйлесімінен туған табиғи үйлесім, онда әрбір заттың өзіндік мақсаты мен эстетикалық құны болды.

Демек, суретшілердің бейнелеген қазақ үйінің образы — бұл тек қана қоршаған орта емес. Бұл — ағаш, сүйек пен металдың үйлесімділігінен туған адамгершілік пен табиғат арасындағы үйлесімнің философиялық бейнесі, халықтың дәстүрлі өнері мен қолөнерінің материалдық көрінісі. Киіз үйдің қысқа мерзімде жиналған-бөлшектелген құрылымынан бастап, оның ішіндегі әрбір ою-өрнекті бұйымға дейін — мұның бәрі терең символдық мағынаға ие болып, ол көшпелі халықтың бүкіл әлеммен көркем диалогын, табиғатпен біртұтастығын, отбасылық құндылықтар мен рухани ұстанымдарын сақтайтын тірі мәдениет даналығын білдіреді.

Қазақ халқының дүниетанымында киіз үй тек қана тұрғын үй емес, сонымен бірге, рухани әлем мен табиғат арасындағы нәзік теңдестікті бейнелейтін философиялық ұғым болып табылады. Киіз үйдің кеңістіктегі құрылымы әлемнің бейнесін және ғарыштың үлгісін қайталайды. Соның арқасында ол отбасылық қасиеттердің, салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдардың табиғат заңдарымен астасып жатқан күрделі жүйесіне айналады. «Аспан денелерімен, тұтас табиғатпен астасып жатқан отбасылық қастерлі түсініктер шоғыры — қазақтың киіз үйіне қатысты. Қазақтың ғасырлар бойғы табиғат аясындағы көшпенді өмір-тіршілігімен, таным-түсінігімен тамырласып жатқан киіз үйінің пайда болуы — оның сыртқы құрылымы мен ішкі бөліктері жайлы (оң

жақ, сол жақ, ошақ, шаңырақ, босаға төр) қалыптасқан қағидалары мен ырым-тиымдары, киіз үйді тігетін орынды отпен аластаудан басталатын киіз үйді тігу мен жығу, құрбандық шалу, шанырақты бақанмен көтеру, бақанды аттамау, үй есігінің күнмен қатысты орнатылуы, қоныстанған жұрт жайындағы т.б. заңдылықтар жүйесін қалыптастырып, халықтың ұрпаққа аманат еткен ұлттық құндылықтарымен сипатталады» (Арғынбаев 53).

Дәл осы рухани-мәдени жүйенің орталығы, оның символдық жүрегі — шаңырақ болып табылады. Шаңырақ тек киіз үйдің құрылымдық тірегі ғана емес, ол — отбасының, рудың және тұтас халықтың рухани бірлігі мен үздіксіздігінің белгісі. Шаңырақты киелі деп есептеудің түп негізінде оның терең космологиялық мағынасы жатыр. Шаңырақтың пішіні — бұл шеңбер ішіндегі айқаспа ағаштармен құралған дөңгелек әлем, отбасы мен рудың бірлігінің, аспан мен жердің байланысының символы. Шеңбердің өзі айналым мен мәңгілікті, бүкіл әлем мен күннің белгісі ретінде қабылданады. Ал шеңбердің ортасында орналасқан айқаспа ағаштар — бұл киіз үй кеңістігінің мифопоэтикалық орталығы, рухани дүниенің көкжиекпен тікелей қосылатын тірегі және әлемнің төрт бағытын біріктіретін символдық екпіндік.

Көшпелілер қоныс тепкен әрбір жер — олардың жеке ғарыштық кеңістігі, ол жер әлемнің орталығына айналады. Шаңырақ осы орталықтың бағдары, жоғарыдан (көктен) төменге (жерге) қарай тікелей байланыс, әлемнің тірек осі ретінде қызмет етеді. Осы терең философиялық және діни мағынаға берік болған көшпелілер шаңыраққа барынша ерекше құрметпен қарады. Шаңырақтың астындағы ошақ от-ана бейнесімен байланыстырылды. Ал шаңырақтың өзі отбасының ата-бабаларымен байланысын сақтайтын киелі нысан ретінде табынуға лайықталды.

Қазақтардың дәстүрлі түсінігінде шаңырақ тек үйдің сәулеттік бөлігі ғана емес; ол рухтың тұрағы, әулеттің күрделі және терең мағыналы символы, ұрпақтар жалғастығының өзекті нышаны болып табылады. Шаңырақ — бұл ұрпақтар тізбегін біріктіретін тарихи жадының материалдық сақтаушысы. Ол әкеден балаға, бір буыннан екіншісіне рухани мұра ретінде беріліп келеді, отбасының тағдыры мен тарихын өзімен бірге алып жүреді. Бұл жалғастықтың үзілуі қазақ санасында үлкен қайғы саналғандықтан, егер әулеттің соңғы өкілі қайтыс болса, оның бейітіне шаңырақ та қойылып, отбасылық тізбегінің дүниеде үзілгендігі бейнеленген. Сонымен қатар, «Шаңырағың биік, керегең кең болсын!» деген бата — бұл қазақы ортада айтылатын ең қадірлі тілектердің бірі. Бұл тілек тек материалдық өмір ғана емес, сонымен бірге рухани байлық, бедел мен табандылық, ұрпағының көп болуы және әулет бірлігінің сақталуын тілейтін терең мазмұнды даналық сөзге айналған. «Отан, отбасы, ата-ана, бала, баспана сияқты адам үшін ең қымбат түсініктер кез-келген этноста үймен байланыстырылады» (Утегенова, 77). Бұл пікір қазақтар үшін шаңырақ түсінігінің негізінде жатқан құндылықтардың жиынтығына толық сәйкес келеді. Шаңырақ — бұл отбасы (отанның ең кіші ұяшығы), баспана (физикалық қорған) және ата-бабалар рухының (рухани тірек) бірігу нүктесі.

Шаңырақтың архитектуралық және символдық құрылымы оны ұстап тұратын арнайы бақанмен (бақана) тығыз байланысты. Бұл бақан бастапқыда көне мифологиялық түсініктерде әлемді тіреп тұрған «әлемдік діңгектің» немесе «әлемдік ағаштың» нақты көрінісі болған. Ол аспан мен жерді, рухани әлем мен материалдық дүниені байланыстыратын тік ось ретінде қабылданған. Алайда, тарихи даму процесінде осы киелі қызметтің орталық символы ретіндегі рөлі бақаннан тікелей шаңырақтың өзіне

ауысты. Шаңырақтың шеңбер пішіні мен барлық керегелерді біріктіретін орталық рөлі оны әлемдік тіректің және жоғары рухани әлемге ашылатын порталдың символына айналдырды. Дегенмен, бақан өзінің киелілігін толығымен жоғалтқан жоқ.

Бұл байланыстың тәжірибелік-рәсімдік көрінісін шаңырақты орнату (көтеру) салтынан көруге болады. Шаңырақты көтергенде, бақанның төменгі ұшы тірелген жерге бірден ошақ орнатылып, от жағылады, қазан ілінеді. Бұл әрекеттер кездейсоқ емес: ошақ — бұл шаңырақ астындағы өмір мен үй ішінің ырыстық белгісі, ал қазан оның тіршілікпен толтырылғандығының символы. Сондықтан, қазанның бос тұруы жаман саналған, оған міндетті түрде су немесе тамақ құйылатын болған. Шанырақты көбінесе оюлармен безендірілген бақанмен тірейді. Бақан бастапқыда әлемді тіреп тұрған әлемдік дінгек, әлемдік ағаштың символдық рөлін атқарғаны анық. Бірақ кейін, жоғарыда айтылғандай, бақанның рөлі шаңыраққа ауысты. Шанырақты көтергенде бақанның екінші ұшы тірелген жерге ошақ орнатылып, от жағылады, қазан асылады да, оған міндеті түрде бір нәрсе құйылады, себебі қазанның бос тұруы жаман ырым саналған» (Ақыш 68).

Қазақтың киіз үйіне байланысты тақырып жыл өткен сайын біздің суретшілеріміздің кенеп бетінде белсенді орын алып келеді. Бұл — мәдени код пен ұлттық бірегейлікті іздестірудің көркем формаға ие болған жалғасы. Осы қатардағы заманауи туындылардың бірі ретінде суретші Нұрбек Жәрдемовтың 2021 жылғы «Сәске» атты картинасына тоқталып өту өте өзекті.

Түс мезгілінің таңғажайып сәулесінен хабар беретін бұл туындыда суретші қазақ халқының киіз үйін негізгі композициялық орталық етіп алған. Картина қазақтың көшпелі тіршілігі мен оның табиғатпен үйлесімділігі туралы айтады. Композицияға назар аударсақ,



№1 сурет. Нұрбек Жәрдемов — «Сәске» (2021)

дәл ортасында қазақтың дәстүрлі баспанасы — ақ киіз үй орналасқан. Ол бейненің жүрегі ретінде, отбасы мен рухтың бағанасы ретінде, барлық элементтерді өзіне тартады.

Картинаның сол жақ бөлігінде ақбоз ат, аттың үстінде әдемі жабдықтармен көмкерілген. Аттың бейнесінен-ақ бұл картинадан суретші көшпенді мәдениеттің маңызды белгісін бергендей көрінеді. Ал картинаның оң жақ бөлігінде арба, ошақ, ошақ маңындағы адамдар көрініс табады. Бұл картинадан қонақ күту не болмаса түскі асты дайындау сәтімен тұспа-тұс келетіндей әсер қалдырып тұр. Келесі кезекте картинаның артқы фонында бейнеленген қазақтың кең даласы айқын көрінеді. Жалпы картинаның атмосферасы жылы түстер гаммасын құрайды. Көрерменге сондай жылу сыйлап қана қоймай, ауыл тіршілігіне бір сәт үңілдіретіндей әсер сыйлайды. Қорытындылай келе, суретші қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, табиғатын шынайы жеткізуге тырысқанын байқаймыз. Суретші картинада киіз үй, аттар, арба, самаурын сияқты объектілерді бейнелеу арқылы қазақтың дәстүрлі өмірінің бөлшектерін көрсетсе керек. Киіз үйді қазақ халқының баспанасы, әрі ұлттың мәдени коды ретінде қарастыру артық етпес.

Суретшілер киіз үйді тек тұрмыстық нысан ретінде ғана емес, көшпелі мәдениеттің көрінісі ретінде де бейнелейді. Киіз үй арқылы қазақ халқы өткен өмірін ұмытпағаны абзал. Міне,

суретшілерде ұрпақтар сабақтастығын көрсетуге белсенді болып жатқанын соңғы жылдары жазылған туындылардан көреміз.

Кескіндемеде киіз үй түрлі композицияда көрініс тауып келеді. Бүгінгі таңда суретші Кабикожаяева Алия өзінің «Ауылда» атты туындысымен ерекшеленеді. Ондағы ауыл тұрмысынан хабар бере отырып, артқы планда киіз үйді бейнелеген. Картинада жылы түстер гаммасы басымырақ. Қазақ халқының өмірін суреттей отырып, ауылға деген сағынышын осылай жеткізсе керек.

Соңғы жылдары суретшілердің ауылға, сондай-ақ, ұлттық нақыштағы дүниелерді кенеп бетіне бейнелеп жүргені көңіл қуантады. Қазақ халқының ұлттық болмысын жаңғыртып жүргендей көрінеді. Автор туындысында табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті түстер гаммасы арқылы беруге тырысқан. Табиғатпен етене тығыз байланысты жеткізуде суретші ұтымды композицияны қолданған. Киіз үй сыртындағы отбасы мүшелерін де сондай үйлесімділікпен салған. Ауылда тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін және де ауызбірлігін барынша көрсетуге тырысқанын көреміз. Киіз үй фонында осындай көріністі көрсету ауылға деген сағынышы деп білеміз.

Бүгінгі таңда суретшілеріміз қазақ ауылын өте жиі кенепке түсіріп жүр. Бұл рухани сұраныстан туындап отырса керек. Ауылға деген сағыныш болса керек. Суретшілеріміздің өз еліне, туған жеріне мәдениетіне деген шынайы сүйіспеншілігі мен адалдығы деген пікірге келдік. Суретшілеріміздің ұлттық құндылықтарды сақтай отырып болашаққа мәдени мұра ретінде дәріптеуі көңіл қуантатын жағдай. Қазақстан кескіндемесінің осы орайда көрерменге отансүйгіштікті, елге деген құрметтеуді көбірек дәріптейтінін картиналардан көреміз.

Қазақстан кескіндеме өнеріндегі үйдің коды — бұл тек қана сәулет-құрылысы емес, қазақ халқының дәстүрі мен

тұтастығын бейнелейтін мәдени код болып есептеледі. Жалпы қазақ киіз үйін салған талантты суретшілер өте көп. Ең әуелі Әбілхан Қастеев, Салихитдин Айтбаев сияқты дара тұлғалардан бастау алатынын баршамызға аян. Дегенмен де қазір таңда үй туралы түсінік суретшілер картиналарынан қалай көрініс тауып жатыр деген сұрақ туындайды.

Қазақ халқы үшін шаңырақ өте киелі ұғым болып есептеледі. Шаңырақ отбасындағы жылулықтың және де бірліктің символы болып табылады. Оны қазіргі таңдағы суретшілеріміздің туындыларынан көре аламыз. «Кескіндемедегі үйдің көркемдік бейнесі семантикалық жүктеме бойынша өте үлкен. Үй, шын мәнінде, оны сыртқы әлемнің агрессивті ортасынан қорғауы керек адамның бірінші әлемі» (Черепанова 89).

Қазіргі көзқарас бойынша жаһандану жағдайында Қазақстан кескіндемесіндегі үйдің коды өзгеріске ұшырап отыр. Бұрындары үй отбасы мен мәдени дәстүрлердің бірегейлігі ретінде қабылданса, ал бүгінде модернизация мен ұлттық дүниенің жоғалуына қарсы тұрудың символы болып табылады. Еліміздегі кескіндемешілер мәдени мұраны сақтауға назар аудару үшін композицияларында киіз үйді пайдалануға тырысады. Тым болмағанда картиналарында ауыл, не болмаса ұлттық



№2 сурет. Кабикожаяева Алия — «Ауылда» (2023)

нақыштағы элементтерді бейнелеуге тырысқанын туындыларынан аңғарамыз.

Заман талабына сай үй кірпіштен салынып өзгеріске ұшырады. Ал қазіргі таңда суретшілер үйді кескіндеме көбірек көрсетуге тырысады. Бұл дегеніміз адам баласы үшін үй тірек болып есептелінетінін аңғарамыз. Мәселен, суретші Зарина Чукетаеваның «Ауылда» атты 2011 жылы жазылған туындысына тоқталсақ. Картинаның алдыңғы планында ою-өрнектер түскен көрпелер жаюлы тұр. Ал ортаңғы планында үйлер болса, артқы планында таулар бейнеленген. Ал картинаның атмосферасы ауылдың тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Түстер гаммасы жылы түстерді қамтиды. Алдыңғы планда жіпке ілінген ою-өрнектері бар қызыл, жасыл түсті кілемдер жайылған. Ал картинаның оң жағында көгілдір терезесі бар ақ түсті үйдің бұрышы көрінеді. Артқы планда тағы бірнеше үй және олардың арғы жағында тұманға оранған биік таулар бейнеленген. Аспан жұмсақ, жылы түстерге боялған, бұл көріністің таңертең немесе кешкі уақыт екенін аңғартады. Жалпы суретші ауыл өмірінің жайлы әрі жылы атмосферасын жеткізген.

Сондай-ақ, Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейінде суретші Рафаэль



№3 сурет. Чукетаева Зарина — «Ауылда» (2011)

Слекеновтың жеке көрмесі өткен болатын. Суретші Рафаэль Слекеновтің үйлер мен балықтарға толы картиналары көрмеге қойылған болатын. Жалпы туындыларында үй коды, балалық шақ туралы естеліктерге бой алдырады. Суретшінің шығармаларының маңызды орталығы үй болып табылады. Суретші үшін үй — бекініс, құтқару орны болып табылады. Терезесі жарқыраған үйдің ішкі әлемі, терезедегі жанасатын гүл үлкен сыртқы қараңғы кеңістікке қарсы тұрады, өйткені ол таза және ішкі жарықты сақтайды (Сурет 4-5).

Жоғарыда келтірілген жұмыстардың мазмұнына келетін болсақ, яғни үйді әртүрлі формада беруге тырысқан. Суретшілер үйді мәдени не болмаса философиялық идеялары тұрғысынан кескіндемеде әртүрлі ракурстан бергенін көруге болады. Мысалы, үйді тыныштықтың, жалғыздықтың, тіпті береке мен жайлылықтың символы ретінде қарастырған. ХХІ ғасыр суретшілері болса да картиналарын киіз үй бейнесі ешқашан түспегінін аңғарамыз. Бұл дегеніміз үйді тұрмыстық нысан ретінде ғана емес, символдық мәні бар ұғым екенін айқындайды.

Негізгі тұжырымдар

Қазақ кескіндеме саласында ұлттық үй ұғымының ерекшелігіне тоқталу қоғамдағы айтарлықтай мәселе болып табылады.

Бүгінде Қазақстан кескіндемесінде киіз үй осы уақытқа дейін түрлі композицияда бейнеленіп келді. Суретшілер үшін үйдің бейнесі бұл қоғамның дәуірі мен құндылықтарын көрсететін мағынаға толы символ болып келетінін алға тартты. Кескіндемедегі үйдің кодын зерттеу елімізде болып жатқан мәдени және әлеуметтік-мәдени үдерістерді жан-жақты түсінуге, сондай-ақ, мәдени мұраны қастерлеу, дәріптеу ұрпақтар арасындағы байланысты үзбеуді көздесе керек. «Көшпелілер мәдениетінің



№4 сурет. Рафаэль Слеkenов — «Үндестік»
(2025)



№5 сурет. Рафаэль Слеkenов — «Екі бала»
(2021)

символикасы дүниеге философиялық көзқарасты білдіріп қана қоймай, өмір сүру нормасына айналды. Философиялық дүниетаным мен күнделікті тұрмыс арасында шекара болмады, олар өзара тығыз байланыста болды. Бірқатар

қазақстандық ғалымдар — Марат Мұқанов, Әбдеш Төлеубаев, Нурилә Шаханова, Жанар Қаракүзова, Марат Хасанов, Болат Ибраев және басқалар — қазақ киіз үйінің құрылымында ежелгі ғарыштық жүйенің бейнесі көрініс тапқанын атап өткен» (Шолпанбаева 51).

XXI ғасырдағы суретшілер кескіндемеде әлі күнгі дейін киіз үйді жайлауда, не болмаса таулы аймақтар, ауылда сияқты түрлі композицияларды бейнелеп келді. Дегенмен де кескіндемеде бұл тақырып ұлттық дүниемен шектеле бермек пе деген ой туындайды. Суретшілеріміздің заман талабына сай үйдің кодын яғни қазақтың ұлттық киіз үйін кескіндемеде жаңаша бір форматта, не болмаса заманауи үлгіде түрлі идеяларды қоса отырып бейнелесе тіптен керемет дүние болар еді. Бүгінгі біздің суретшілеріміз әртүрлі эксперименттерге баруға тырысады. Алайда киіз үйді сәулет-құрылысымен байланыстыра отырып, түрлі композиция құрастырып кескіндемеде көрсетсе ертеңгі күні көрермен үйдің кодын тек үй емес, ұлттық кеңістік ретінде қарай бастайтынын көреміз.

«Қазақ елінің арғы-бергі тарихы мен мәдениетінен — көшпенді өркениеттен мирас болып қалған «Туған жер», «шаңырақ», «бесік», «жылқы», «қобыз», «домбыра», т.б. киелі аксиологиялық ұғымдар ұлттық әдеби кеңістікте көркем концепт мәртебесінде тұжырым тапты. Солардың жарқын үлгісі ретінде бірқатар туындыларды мысал ретінде тілге тиек етейік. Тәуелсіздік, елдік идеялары негізінде тарихи тақырыпта жазылған туындылардың барлығында дерлік туған жер, Отан қорғау мәселелері қозғалады. Тоныкөк, Күлтегін дәуірінен бастап, кешегі Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықтағы тарих белестерін көркем кестелеген эпикалық туындылардың түпкі ой өзегі қазақ елі мен жерінің тұтастығы және тәуелсіздіктің баянды болуы идеясы екені аян. Ендеше, тұжырымдамалық тұрғыда

осыдан шығатын «Мәңгілік ел» концепті де түрлі деңгейде тарихи шығармаларда тұтасады. Сөйтіп, жалпыұлттық мәнге ие концепт дәрежесінде пайымдалады» (Келсінбек 481).

Қорытынды

Зерттеу жұмысы XX-XXI ғасырлардағы қазақстандық кескіндеме өнерінің аясында үйдің мәдени кодының ерекшелігі мен мағыналық өзгерістерін анықтауға бағытталған. «Үй кодының» этнографиялық мотивтен қазіргі заманның негізгі көркемдік тұжырымдамасына дейінгі эволюциясын кешенді өнертанулық талдау арқылы баяндау, оның қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық сәйкестікті қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ кескіндемесінің нақты туындыларына талдау жасау арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындыларын келесідей қорытындылауға болады:

Кескіндеме өнеріндегі «үй кодының» тарихи даму жолы нақтыланды. Әдетте киіз үйді этнографиялық нысан ретінде ғана көрсетіп, оның құрылымы мен интерьерін нақты суреттеп, оны этнографиялық дерек ретінде таныстырады. Қазіргі қазақ суретшілері бұл бейнені жаңаша түсінікпен толықтырып, оны рухани баспана, жеке жадының орталығы немесе уақыт пен кеңістіктің метафорасы ретінде түсіндіреді. Осылайша, қасиетті үй ұғымы этнографиялық нысаннан мәдени код пен философиялық символға дейін жетіп, қазақ кескіндемесінде архетиптік бейнеге айналады. Бұл архетип рухани тұрақтылық пен ұлттық сәйкестіктің көрінісі ретінде, уақыт пен кеңістіктің шекарасынан тыс, қазіргі заманғы контексте де өз өзектілігін сақтайды және дамиды.

Нұрбек Жардемов, Алия Кабикожаяева, Рафаэль Слекеновтің, Зарина Чукетаеваның шығармаларының негізінде қазіргі кескіндемедегі кодтың негізгі функциялары анықталды және талданды. Бүгінгі күні үй бейнесі жаһандық мәдени өрісте ұлттық болмысты сақтап, дамытудың тиімді құралына айналып, оның архетиптік сапасы арқылы жергілікті дәстүр мен әмбебап адамзаттық құндылықтар арасындағы көпір қызметін атқарады. Ол рухани диңгек ретінде, ұлттық идеяның пластикалық тұлғасы ретінде және болашаққа бағдар беруші тарихи жады ретінде қызмет етеді.

Бейнелеу өнерінде ұлттық архетиптердің көрінісін зерттеу арқылы олардың ұлттық сәйкестікті сақтаудағы, мәдени тұрақтылық пен өзгерістің диалогын қамтамасыз етудегі рөлі анықталады, сондай-ақ, бұл архетиптердің қазіргі заманғы бейнелеу тілі мен пішініндегі трансформациясы мен интерпретациясының жаңа өнертанулық тәсілдер арқылы жүзеге асырылу механизмдері ашылады.

Отбасы мен баспананың мәдени кодтары Қазақстан бейнелеу өнерінің көркем жүйесінің негізгі сипаттамалары болып табылады, бұл осы феномендерді өнерде олардың әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылуын қарастыруға мүмкіндік береді. Тоталитарлық кезеңде, өткеннің маргиналдық қалдығы ретінде қабылдана отырып, отбасы мен рудың бейнесі әлеуметтік реалистік тұрмыстық жанрда ұлттық ойлау архетиптерін визуализациялау үшін қажетті «тактикаға» айналды.

Бұл кезең отбасының рөлін, оның құндылықтық мәні мен этикалық нормаларын қалпына келтіруді мақсат етті.

Қазіргі отбасы мен үйдің репрезентациясы қазақ қоғамында дәстүршіл идеялардың нығаюын, салт-дәстүрлер мен рәсімдердің маңыздылығын

арттыруды, гендерлік стереотиптерді ұстануды, жоғары туу көрсеткішіне және көпбалалы отбасыға бейімделуді көрсетеді. Қазақстандық кескіндеме өнеріндегі үйдің мәдени коды өткеннің жәдігері ретінде емес, суретшілерге мәңгілік құндылықтар әсерімен жаңа жауһарларды дүниеге әкелуге және болашақ ұрпаққа осы терең мән-мағыналарды таратуға мүмкіндік беретін креативті және рухани импульс ретінде қызмет етеді.

Осылайша, Қазақстанның қазіргі өнеріндегі кең таралған отбасылық және баспана мәдени кодтары дәстүрлі құндылықтарды жеткізіп, қазіргі өмірдің қиындықтарымен күресіп, рухани теңгерімді табудың бір тәсіліне айналады. Суретшілер отбасылық бейнелерді рухани және этикалық негіздерді іздеу үшін көрсетеді, олар жас кезінде орныққан құндылықтар мен стереотиптер арқылы қазіргі заманды, оның негізгі өзекті мәселелерін түсініп, оны бейнелеуге тырысады.

Авторлардың үлесі:

М. Келсінбек – зерттеудің концепциясын әзірлеуге, ғылыми-әдіснамалық негізді құруға және тарихи-мәдени талдауды жүргізуге белсенді үлес қосты. Сонымен қатар, дереккөздер мен әдебиеттерге шолу жасау, сондай-ақ, пікірталас бөліміндегі теориялық тұжырымдарды дамыту автордың басты еңбегі болды.

Д. Шарипова – суретшілердің нақты туындыларын көркемдік-композициялық және семиотикалық талдауға, зерттеу нәтижелерін жүйелеуге және тұжырымдауға жауапты болды. Автор мақаланың нәтижелер мен қорытынды бөлімдерін, сондай-ақ, иллюстрациялық материалдарды сипаттау мен талдауға қатысты.

Вклад авторов:

М. Келсинбек – внесла активный вклад в разработку концепции исследования, создание научно-методологической основы и проведение историко-культурного анализа. Кроме того, обзор источников и литературы, а также разработка теоретических выводов в разделе дискуссий были главными заслугами автора.

Д. Шарипова – отвечала за художественно-композиционный и семиотический анализ конкретных произведений художников, систематизацию и формулирование результатов исследований. Автор участвовала в описании и анализе результатов и заключительных разделов статьи, а также иллюстративного материала.

Authors contribution:

M. Kelsinbek – has made an active contribution to the development of the research concept, the creation of a scientific and methodological basis and the conduct of historical and cultural analysis. In addition, the review of sources and literature, as well as the development of theoretical conclusions in the discussion section were the main achievements of the author.

D. Sharipova – was responsible for the artistic, compositional and semiotic analysis of specific works by artists, systematization and formulation of research results. The author participated in the description and analysis of the results and final sections of the article, as well as illustrative material.

Дереккөздер тізімі:

Азибаева, Бахытжан. «Предметный код культуры «казахская юрта»». *Керуен*, 2022, Т.75, №2, 17-326. DOI: [https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-01]

Ақыш, Нұрдаулет. *«Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асырудағы көркем әдебиеттің ресурстық әлеуеті*, Service Press баспасы, 2020.

Арғынбаев, Халел. *Қазақ халқының колонері: Ғылыми-зерттеу еңбек*. Алматы, Өнер, 1987.

Келсінбек, Мөлдір. *Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті*. 2017. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы, философия докторы (PhD) диссертациясы, Print Express, https://kaznai.kz/wp-content/uploads/2025/05/kelsinbek-m-dissertacija-pdf.io_.pdf. Дата доступа 18 января 2026.

Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. Press Co, 2020.

Муқанов, Марат. *Казахская юрта*. Алматы, Кайнар, 1981.

Утегенова, Карлыга. «Концепты «отчий дом» и «қара шаңырақ» в русской и казахской картине мира: сравнительно-сопоставительный аспект». *Вестник ЗКУ*, №1 (85), 2022, с. 76–83.

Черепанова, Наталья. «Мотив дома как архетипический образ в живописи Алтая». *Альманах мировой науки*, №4-1 (24), 2018, с. 88–90.

Шолпанбаева, Газиза, Адилов Нұрдаулет. «Киіз үй көшпелі өркениеттің киелі мұрасы». *ҚМПИ жаршысы*, №4 (80), 2025, с. 50–54.

References

- Aziebaeva, Bakhtzhan. «Predmetnyi kod kul'tury "kazakhskaiia iurta"». [«The Object Code of Culture: "Kazakh Yurta"»]. *Keruen*, vol. 75, no. 2, 2022, pp. 17–32. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-01>. (In Russian)
- Akysh, Nurdaulet. *“Rukhani zhangyru” ideiasyn zhuizege asyrudagy korkem adebietting resurstyk aleueti*. [«The Resource Potential of Fiction Literature in Implementing the “Rukhani Zhangyru” Idea»]. Service Press, 2020. (In Kazakh)
- Argynbaev, Khaleil. *Qazaq halqynyn koleneleri: Ghylimyi-zertteu enbek* [The Beliefs of the Kazakh People: A Scientific Research Work.] Almaty, Oner, 1987. (In Kazakh)
- Kelsinbek, Moldir. *Ultyk adebiet zhene elimizdin ziatkerlik aleueti* [National Literature and the Intellectual Potential of Our Country.] 2017. Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, PhD dissertation, Print Express, https://kaznai.kz/wp-content/uploads/2025/05/kelsinbek-m.m-dissertacija-pdf.io_.pdf. Accessed 18 January 2026.
- Qazaq folklorynyn qasterli aleui* [The Sacred World of Kazakh Folklore.] Press Co, 2020. (In Kazakh)
- Mukanov, Marat. *Kazakhskaiia iurta* [Kazakh Yurta.] Almaty, Kainar, 1981. (In Russian)
- Utegenova, Karlyga. «Kontsepty ‘otchii dom’ i ‘qara shanyraq’ v russkoi i kazakhskoi kartine mira: sravnitel'no-sopostavitel'nyi aspekt». [«The Concepts of ‘Family Home’ and ‘Qara Shanyraq’ in the Russian and Kazakh Worldview: A Comparative Analysis»]. *Vestnik ZKU*, no. 1 (85), 2022, pp. 76–83.
- Cherepanova, Natalia. «Motiv doma kak arkhietipicheskii obraz v zhivopisi Altaia». [«The Motif of the House as an Archetypal Image in the Painting of Altai»]. *Almanakh mirovoi nauki*, no. 4-1 (24), 2018, pp. 88–90. (In Russian)
- Sholpanbaeva, Gaziza, and Nurdaulet Adilov. “Kiiz ui koshpeli orkenietting kieli murasy” [«The Felt Yurt is a Sacred Heritage of Nomadic Civilization.»] *QMPI zharshysy*, no. 4 (80), 2025, pp. 50–54. (In Kazakh)

Мәлдір Келсінбек, Диляра Шарипова

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова (Алматы, Казахстан)

КУЛЬТУРНЫЕ И СИМВОЛИЧЕСКИЕ КОДЫ ОБРАЗА ЖИЛИЩА В ЖИВОПИСИ

Аннотация. Статья посвящена анализу эволюции образа дома (особенно юрты) в искусстве казахстанской живописи и его смысловых изменений в XX-XXI вв. Основная актуальность исследования заключается в вопросе сохранения национальной идентичности в эпоху глобализации и включения его культурный обмен через искусство. В статье исследуется специфика дома как национального художественного кодекса путем сравнения исторических периодов, раскрытия его сакрально-символического значения и анализа современных художественных интерпретаций. Исследование опирается на структурно-семиотический подход, а также на историко-культурный и художественно-композиционный анализ, позволяющий раскрыть многослойную семантику произведений. В результате становится ясно, что, хотя место образа дома в произведениях художников в художественной системе имеет историческую стабильность, оно адаптируется и меняется к культурному контексту каждой эпохи. Благодаря изучению художественных произведений таких художников, как Нурбек Жардемов, Алия Кабикожеева, Рафаэль Слекенов, Зарина Чукетаева, доказано, что юрта в современном искусстве служит не просто этнографическим объектом, а символом национальной идентичности, метафорой духовного пространства и средством возрождения «национального стиля». Таким образом, статья рассматривает юрту как художественный феномен, обогащенный живыми, развивающимися и новыми значениями. В заключении статьи юрта, очаг, являющийся защитой духовного пространства людей, анализируется как художественно-культурный феномен, история и значение которого возрождается и пополняется, раскрывается его место в системе ценностей традиционного общества и символическое значение в современном понимании.

Ключевые слова: искусство национальной живописи, культурный код, юрта, национальная идентичность, художественный образ, семиотика, архетип, современное искусство, шанырак.

Для цитирования: Молдир Келсинбек, Диляра Шарипова «Культурные и символические коды образа жилища в живописи», *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2026, pp. 196–216, DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1120

Благодарности: Статья подготовлена в рамках по грантовому проекту AP26101419 – «Феномен модернизма в архитектуре, изобразительном, декоративно-прикладном искусстве Казахстана XX века и его реинтерпретация в современной визуальной культуре».

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Moldir Kelsinbek, Dilyara Sharipova

M. O. Auevov Institute of literature and art (Almaty, Kazakhstan)

CULTURAL AND SYMBOLIC CODES OF THE IMAGE OF DWELLING IN PAINTING

Abstract. The article is devoted to the analysis of the evolution of the image of the house (especially the yurt) in the art of Kazakh painting and its semantic changes in the XX-XXI centuries. The main relevance of the research lies in the issue of preserving national identity in the era of globalization and including its cultural exchange through art.

The purpose of the article is to identify the specifics of the house as a national artistic code. This goal was achieved by comparing historical periods, revealing the sacred and symbolic meaning, and analyzing modern artistic interpretations. Using the applied structural-semiotic approach, historical-cultural and artistic-compositional analysis, the multilayered semantics of the works of Kazakhstani artists was revealed. As a *result* of the analysis, the historical stability of the image of the hearth in the artistic system and the ability to adapt to the cultural context of each epoch were revealed. Thanks to the study of the artistic works of such artists as Nurbek Zhardemov, Aliya Kabikozhaeva, Raphael Slekenov, Zarina Chuketaeva, it is proved that the yurt in modern art serves not just as an ethnographic object, but as a symbol of national identity, a metaphor for spiritual space and a means of reviving the «national style». Thus, the article considers the yurt as an artistic phenomenon enriched with lively, developing and new meanings. In the conclusions of the yurt article, the hearth, which is the protection of the spiritual space of people, is analyzed as an artistic and cultural phenomenon, the history and significance of which is being revived and replenished, its place in the value system of traditional society and its symbolic meaning in the modern sense are revealed.

Keywords: art of national painting, cultural code, yurt, national identity, artistic image, semiotics, archetype, modern art, shanyrak.

Cite: Kelsinbek, Moldir, and Dilara Sharipova. «Cultural and symbolic codes of the image of dwelling in painting.» *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 4, 2025, pp. 196–216. DOI: 10.47940/cajas.v10i4.1120

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of grant project AR26101419, “The Phenomenon of Modernism in Architecture, Fine Art, and Decorative and Applied Arts of Kazakhstan in the 20th Century and Its Reinterpretation in Contemporary Visual Culture.”

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Мөлдір Мұхиддинқызы Келсінбек — PhD, Бейнелеу өнері бөлімінің ғылыми қызметкері, ҚР БҒМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан)

Молдир Мухиддиновна Келсинбек — PhD, научный сотрудник, Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова КН МНВО РК (Алматы, Казахстан)

Moldir M. Kelsinbek — PhD, researcher, M.O.Auezov Institute of Literature and Art MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-8614-8812
E-mail: moldir_18-95@mail.ru

Диляра Сафарғалиевна Шарипова — өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор, бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі, ҚР БҒМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан)

Диляра Сафарғалиевна Шарипова — кандидат искусствоведения, ассоциированный профессор, заведующая отделом изобразительного искусства, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова КН МНВО РК (Алматы, Казахстан)

Dilyara S. Sharipova — Dr. Habil. in Arts, Associate Professor, Head of Fine Art Department, M.O. Auezov Institute of Literature and Art MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-8432-7339
E-mail: dilyarazam@mail.ru